# Ш Е Ш І М
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

18 қаңтар 2024 жылы №7527-23-00-2/15908 ісі Алматы қаласы

Алматы қаласы мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.А.Акетаев азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап, тараптары**:**

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі "65235 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Қызайбек» ЖК Қызайбек Қайратжан Мұратұлы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

ҚР АПК-нің 146, 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШТІ**:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі "65235 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Қызайбек» ЖК-ге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы, айыппұл сомасын өндіріп алу туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Қызайбек» ЖК Қызайбек Қайратжан Мұратұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілсін.

Жауапкер «Қызайбек» ЖК Қызайбек Қайратжан Мұратұлынан талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі "65235 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 5 457 (бес мың төрт жүз елу жеті) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер «Қызайбек» ЖК Қызайбек Қайратжан Мұратұлынан мемлекет пайдасына 164 (бір жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптармен апелляциялық шағым, немесе прокурормен апелляциялық өтінішхат шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен

Құжатқа қол қойылған: Акетаев Д. А., 18.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Акетаев Д. А., 29.02.2024
7527-23-3-1/19579

бастап бір ай ішінде Алматы қаласы мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотының апелляциялық сот алқасына беруге болады.

Судья Д.А.Акетаев

Құжатқа қол қойылған: Акетаев Д. А., 18.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Акетаев Д. А., 29.02.2024

7527-23-3-1/19579